Наряду с понятием альтернативного разрешения споров и конфликтов в литературе и законодательстве используется также понятие примирительных процедур. Представляется, что под примирительными процедурами следует понимать те способы, которые направлены на урегулирование разрешения возникшего спора или конфликта на основе добровольного волеизъявления сторон [4, с.17]

При применении методов альтернативного разрешения конфликтов можно избежать судебных процессов. Даже самый небольшой судебный процесс способен разрушить деловые взаимоотношения, испортить репутацию и потребовать большого количества времени и денег. В зарубежных научных концепциях широко используется выражение «альтернативное разрешение споров и конфликтов» (АРСК) для обозначения всех технологий, альтернативных судебному урегулированию социального конфликта.

Важность альтернативных методов разрешения споров была признана Европейской комиссией, и данные методы были направлены на содействие мирного урегулирования споров путем использования посредничества и обеспечения сбалансированности между посредничеством и судебной практикой. Альтернативные методы разрешения споров обычно являются менее формальными, менее дорогими и менее трудоемкими, чем обращение в суд.

Суд применяет право, как и любая система социальных норм, ставит перед собой целью снизить конфликтность общества, используя, естественно, свои специфичные методы. Однако суд замыкает цепь правовых норм и институтов, работающих с конфликтом, т.к. является последней инстанцией. Он властно ликвидирует правовой спор, иногда переводя конфликт социальный на новый, не всегда позитивный уровень. Но насколько ни была бы унифицирована судебная модель, она в принципе не может быть универсальной. Таким образом, появилась необходимость во внесудебном порядке урегулирования споров и в становлении альтернативных способов разрешения споров, чему во многом и способствовала сама судебная система.

Одним из основных факторов развития альтернативных способов разрешения споров является недостаточная эффективность работы судебной системы при рассмотрении отдельных категорий дел, которая может заключаться в перегруженности судов, длительности судебного разбирательства и других недостатках, присущих судебной системе. Через суд конфликт может быть разрешен, но, как правило, урегулировать его не удастся и он остается «загнанным» в глубину сознания и эмоций сторон конфликта. Угроза новой вспышки и эскалации конфликта сохраняется на весьма длительное время. Вместе с тем недостаточная эффективность работы судов не является единственным движущим фактором. К другим причинам развития альтернативных способов разрешения споров можно отнести стремление сторон сохранить деловые и партнерские отношения.

Альтернативные методы разрешения споров относятся к методам и способам, призванным помочь несогласным сторонам прийти к соглашению не обращаясь в суд.

Одним из эффективных альтернативных методов разрешения споров является медиация. Медиация (mediation) – это процедура урегулирования конфликта самими сторонами, но при помощи (содействии) третьего нейтрального лица. В основе медиации лежат интегративные переговоры, при которых обе стороны нацелены на ситуацию «выигрыш-выигрыш».

В ходе данной процедуры, спорящие стороны самостоятельно вырабатывают приемлемое для них решение, а, соответственно, будут стремиться выполнять его. Именно поэтому медиация занимает особое место среди форм разрешения конфликтов.

Хотелось бы отметить, что на сегодняшний день в Республике Казахстан действует достаточно разнообразное количество нормативно-правовых актов, которые позволяют



противоборствующим сторонам целесообразно и эффективно подойти к разрешению спора либо конфликта. Одним из таких является принятый 28 января 2011 г. № 402-IV закон РК «О медиации» [5], который на наш взгляд, должен создать правовые основы для более широкого использования данной процедуры. Внесены соответствующие изменения в Закон Республики Казахстан от 28 января 2011 года № 402-IV «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам медиации» [6].

Процесс медиации, безусловно, отличается от судебного процесса. Во-первых, медиация стремится к достижению взаимовыгодного и мирного соглашения, который бы удовлетворил обе стороны и снизил уровень конфликтности. В отличие от судебного процесса при медиации не бывает «виновных» или «невиновных» сторон. Так как принципы этой области права предусматривают не наказание преступников путем лишения свободы, а защиту и восстановление прав и свободы человека. Другими словами — медиация стремится по возможности не доводить дело до суда. Другое ее достоинство - низкий уровень расходов, нежели при судебном разбирательстве, а также экономия времени.

Суд же предполагает длительное решение вопроса, которое может затянуться на месяцы. Неоднократно назначаются судебные заседания, на которые, представители одной из сторон могут и не явиться, тем самым усугубляя положение. И тут выходят на первый план следующие особенности медиации — добровольность сторон и неформальность ускоренной процедуры. На решение спора медиатору дается всего 30 дней. По определенным причинам этот срок может быть и продлен, но не может превышать 60 дней. В суде стороны действуют друг против друга, а при медиации — сотрудничают. Судья назначается, а медиатора выбирают.

Судья принимает решение в строгом соответствии с законом, а медиатор - с учетом интересов сторон, но в посредничестве рамках влияния закона. равноправия При взаимодействии этом предвзятые суд — традиционного публичный посредников процесс, а участники медиация одним обеспечивает приемлемости конфиденциальность, стереотипы что способа не общественный позволяет лишь медиатору медиации разглашать обеих информацию, усмотрению ставшую выбор известной в толкования ходе говоря процесса указано без медиатор соглашения соглашения стороны, репрезентирует предоставившей практик ее. друга Следовательно, взаимовлиянии не также разрешается отражение допрашивать возрастает медиатора в большее качестве других свидетеля. вербальной Также латыни стороны способах согласованно взаимоприемлемого решают сторона обратиться к справедливости медиатору разрешении или действительности нет. В проведения случаях, особенности когда общения решение направленности проблемы разрешения таким юрисдикции путем направлена не понимания предоставляется посредника возможным, прав за права ними иных сохраняется субъектом право процессе обратиться в быстрый суд. всех При медиатор медиации затрагивают стороны медиатор непременно медиатор рассчитывают условия на построения равные известных права, а помощью также друг на права них преступлениях возлагаются нерациональных равные конфликтов обязанности. посредничество Стороны общения могут заседания по главной своему коммуникации усмотрению закона договориться о ситуацию месте взаимного проведения медиатору медиации и о обстоятельств языке, медиации который жизнедеятельности будет цель использоваться в действие ходе медиатора проведения форм медиации. С медиации согласия сторонам сторон друга медиатор идентичным определяет жизнедеятельности дату и самых время диалога проведения удовлетворяющему медиации.

Таким образом, опыт применения альтернативных методов разрешения конфликтов в разных странах показывает, что данные методы способны решать дорогостоящие и



сложные споры. Необходимо сконцентрировать усилия на создании центров альтернативного разрешения конфликтов в различных сферах жизнедеятельности общества. Особенно важно проводить эту работу в регионах нашей страны, используя все возможности в данном направлении. Медиация уже много веков существует в различных формах, пользуется популярностью во многих странах мира. В нашем государстве процедура медиации как один из способов альтернативного разрешения споров находится на стадии развития. Применение данной процедуры в настоящее время является необходимым как для государства, так и для граждан.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1.Юридическая конфликтология / Бойков А.Д., Варламова Н.Н., Дмитриев А.В., Дубовик О.Л., и др.; Отв. ред.: Кудрявцев В.Н. - М.: Изд-во ИГиП РАН, 1995. - 316 с.
- 2.Давыденко Д.Л. Вопросы юридической терминологии в сфере «альтернативного разрешения споров» // Третейский суд. 2009. №1. С. 40-53.
- 3.Худойкина Т.В., Прынзина В.С. Альтернативное разрешение споров и конфликтов в России // Проблемы современной науки и образования. 2015. № 6. С. 164-166.
- 4.Худойкина Т.В. Разрешение правовых споров и конфликтов с помощью примирительных процедур // Мировой судья. 2004. № 4. С. 17-19.
5. Закон Республики Казахстан от 28 января 2011 года №401-IV «О медиации» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 27.12.2019.) // Информационная система «Параграф», 2020.
6. Закон Республики Казахстан от 28 января 2011 года №402-IV «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам медиации» // Информационная система «Параграф», 2020.

ӘОЖ 34.03

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Амантай Абдолла

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің
аға оқытушысы, з.ғ. магистрі
Қарағанды, Қазақстан

Түйіндемe. Бұл мақалада қарапайым қоғамдық қатынастарға түскен кезде жиі бұзылатын тұтынушылар құқығын қорғау мәселелері туралы қарастырылады.

Түйін сөздер: тұтынушы, заң, міндет, қорғау, әділдік.

Abstract. This article deals with consumer protection issues that are often violated when entering into simple public relations.

Keywords: consumer, law, duty, protection, justice.

Сөзімізді бастамас бұрын тұтынушы деген кім дегенге тоқталып өтейік. Тұтынушы – қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тауарды сатып алуғы немесе оған тапсырыс беруге ниеттенетін, я болмаса тапсырыс беретін, сатып алатын немесе пайдаланылатын жеке тұлға.



Демократиялық қоғамды дамытудың басты міндеттерінің бірі тауар мен қызмет нарығындағы кәсіпкер мен тұтынушының арасындағы тепе-теңдікті сақтау болып табылады. Бұл орайда жеке бизнестің құқын қорғаушылар баршылық. Оның басты қамқоршысының бірі мемлекет деуге болады. Қазір бізге кәсіпкерлермен қатар тұтынушы құқығын қорғауды да естен шығармау қажет. Онсыз ешқандай да кәсіпкерліктің дамымайтыны белгілі. Өйткені тұтынушы кез-келген тауардың сапасына әділ баға беріп отыратын сарапшы болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның құқығына және бостандығына кепілдік береді. Мәселен, Конституцияның 14-бабына сәйкес тегіне, «әлеуметтік, лауазымы және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, намысына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез - келген өзге жағдайлар бойынша ешкімді де кемсітуге болмайды және заң мен сот алдында бәрі тең», деп бекітілген [1]. Бұдан шығатыны тұтынушылар адам және азаматтардың қатарына жататын болғандықтан, олардың құқығы қорғалады деген сөз.

Осыған сәйкес, құқықтық мемлекеттің және өркениетті қоғам азаматтарының қалыпты өмір сүруіне заңдылық негіз болады. Ал заңдылық азаматтардың заң алдындағы нақты теңдігін қамтамасыз етуге қабілетті қоғам жағдайында ғана орын алуы мүмкін. Мұндай жағдай барлық азаматтарға, қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиімді жағдай жасау, нарықтық экономикалық қатынастардағы материалдық игіліктерді өндіру саласында теңдікті қамтамасыз ету арқылы қалыптасады. Әрі бұл құқықтық мемлекеттің басты міндеті.

Ал азаматтардың қажеттіліктерінің ауқымды бөлігі тауар алу арқылы, яғни сауда саласында қанағаттандырылады. Біз күнделікті өмірде азық-түлік, киім, тұрмыстық заттар және өзге де тауарлар сатып ала отырып, бұл қатынастардың құқықтық жағына көңіл аудармаймыз. Өкінішке орай, өз әрекетімізді «тұтынушының» әрекеті ретінде және сатушының әрекетін заң тұрғысынан бағалау қажеттігі, біздің қандай да бір құқығымыз бұзылған кезден бастап қана пайда болады. Бірақ өз құқығымызды біле тұрсақ та, оны осындай тұрақсыз экономикалық жағдайда қорғау қиынға соғады.

Ал жалпы алғанда тұтынушылар мен сатып алушылардың құқықтарын қорғау институты біздің елімізде әлі де болса толығымен зерттелмеген және осы мәселе бүгінгі күннің күрделі мәселерінің қатарына жатады.

Әлі еліміз құқықтық мемлекет құру жолына түскен және жеке тұлғаның құқығын қорғау мемлекет мүддесін қорғаудан жоғары бола бастаған қазіргі жағдайда тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі өзекті де қызықты.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау институтының мәнін ашу, оның қазіргі жағдайына талдау жасау бұл мәселеге қатысты нормативтік құқықтық актілермен танысуға, практикада тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша тәжірибелік маңызы бар қорытындылар мен ұсыныстар дайындауға тырысамыз.

Қазіргі кездегі тұтынушылардың құқықтары қысқа уақыт аралығында емес, прогрессивтік қауымның өзінің тұтынушылық құқықтары үшін бір жарым ғасыр күресі нәтижесінде қоғамдық және құқықтық жүйедегі өзінің беделді орнын алды. Тұтынушылар қозғалысын бүкіл әлемнен байқауға болады.

Нарықтық реформалар жасалған соң тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңдар қабылданды. Алғашқы тұтынушылар ұйымдары екі жолмен қалыптасқан еді. Бір жағынан, белгілі бір себептер бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғауға мүдделі, өзінше бір интеллектуалдар (журналистер, экономистер, социологтар, заңгерлер және т.б.) клубы құрылды. Көбінде олар газет-журналдар төңірегінде жиналды.

Қазір біздің елімізде адамдардың тұтынушылық сауатын ашуға аса зор мән берілмей отыр. Осы тақырыпқа арналған кітаптар жоқтың қасы. Сондықтан да біздің еліміздің азаматтарының тұтынушылық білімін арттыру қажет. Бұл үшін нақты шаралар қолдану



керек. Бұқаралық ақпарат құралдарынан (теледидар, радио) осы тақырыпқа арналған бағдарламалар ашу керек, газет-журналдар арқылы да мақалалар көп жазу керек, тіпті тұтынушыларға арналған жеке газет-журналдар болса да артық емес. Тұтынушының білімін арттыратын кітаптар, кітапшалар шығару керек, меніңше ЖОО-да заңгер мамандығында оқитындарға арнайы курс оқытылуы керек.

Бұл жерде алға қойылатын мақсат, әрбір адамды өзін нарықтық экономиканың басты тұлғасы – тұтынушы ретінде сезінуді үйрету керек. Өйткені, заң тек сауатты және жауапты тұтынушылық әрекетті жүзеге асыру құралы болып табылады.

Тұтынушыға қатысты қатынастарды реттеуде азаматтық заң шығармашылығы, атап айтсақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі нормалары басты рөл атқарады. Азаматтық кодекстің бірінші бөлімінде азаматтардың және ұйымдардың азаматтық айналымға қатысуының құқықтық негіздері, азаматтық-құқықтық шарттарды жасаудың негізгі талаптары анықталады. Тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысты заң шығармашылығының құрамына әртүрлі дәрежедегі нормативтік актілер енеді. Оларға жаңадан қабылданған «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі жатады. Бұл заң шығармашылығының құрамына өзге де актілер кіреді, оларға Президенттің жарлықтары, Үкіметтің қаулылары жатады.

Мұндай актілер барлық уақытта қажет, өйткені құқықтық қатынастар бір жерде тоқтап тұрмай, үнемі дамып және өзгеріп отырады, сондықтан оны үнемі жетілдіріп отыру керек [2].

Заңнамада кемшілік жақтарыда жоқ емес. Мәселен, біріншіден, тұтынушылар өз құқықтарын өздері қорғайды. Яғни, алдауға түскен азамат талабы орындалғанға дейін сауда орнына бірнеше рет баруы керек. Тіпті болмаған жағдайда ғана құқық қорғау органына баруға мәжбүр болады. Екіншіден, жаңа заңда тұтынушылардың құқығын қорғайтын ұйымдардың міндеттері жан-жақты қарастырылғанымен, құқықтары өте аз қамтылған. Сол сияқты заңға сәйкес, біз өз құқығымызды өзіміз қорғау керек болады, ал өзінің құқығын қорғай алатын тұтынушылар саны өте аз кездеседі. Бұған дейін тұрғындардың құқығын қорғауға кеткен шығынымызды айыпты жақ төлеп келген болса, бұдан былай олар тек айыппұл төлеумен ғана шектелмек.

Бірақ өкінішке орай, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі бүгінгі күнгі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі әлі нақты шешімін таппаған күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Оған жоғарыда атап өткен көптеген себептер негіз болып отыр [3]

Қазіргі уақытта дүкен сөрелерінде ұялы телефондар түр-түрімен кездеседі, бірақ солардың ішінен сапалысын таңдап алу қиынның-қиыны. Кейбір қулыққа баратын сатушылар бизнес желісін жақсылап жоспарлап алған. Мәселен, сатқан тауарына жарты жылдық немесе бір жылдық кепілдік береді де, жоғарыда атап кеткен жағдайға тап бола қалсаңыз, сізге арнайы «сервис орталығына» жолдама ұсынады. «Негізінен кез келген ұялы телефонға сатушы емес, шығаратын фирманың өзі кепілдік береді. Ол кепілдік мерзімі үш, әрі кетсе бір жылдан кем болмауы тиіс. Егер 14 күннің ішінде тауардың ақауы байқалса, міндетті түрде жаңасына ауыстырылып немесе ақшасы қайтарылуы керек. Ол мерзімнен асып кеткен жағдайда арнайы сервис орталығына тегін жөндеуге жіберілуі керек».

Сондай-ақ, азаматтық заңнама бойынша кез келген тауарға кепілдік мерзімінің өтуіне қарамастан, даулау мезімі екі жылды қамтиды.

Бұл жерде де халықтың аңқаулығыңызды асыра пайдаланатындар жеткілікті. «Сотқаңызға» сараптама жасап шыққан «сервис орталығы» «мына телефон соққыға ұшыраған немесе құлатып алғансыз, жүйелік ақаулары байқалмайды» деп, бар пәлені



өзіңізге жауып, сыпайы ғана шығарып салады. Осы іс бойынша «Әділет» тұтынушылар құқығын қорғау орталығы бірнеше қылмыстық топтарды әшкерелеген. Мәселен, телефоныңыздың тағдырын шешуші «сервис орталығының» қызметкері сол тауарды сатқан адамның сіңлісі немесе бауыры, яғни, бір топтың адамдары болып шыққан. Шағымдар ішінде екінші орын алатыны – сапасыз аяқкиімдер. Мысалы, атаулы орталыққа бір арыз түскен. Тұтынушы қымбат дүкендердің бірінен 50 пайыз жеңілдікпен 30 000 теңгеге Италияның «сапалы» етігін сатып алса керек. Бір жұма болмай ол етіктің табаны жарылып қалған. Сатушылар, әрине, жыртық етікті ауыстырудан бас тартқан. Экспертизалық зерттеулердің нәтижесі бойынша жарты бағасына сатылған «Италияның сапалы етігі» қытайдың арзанқол дүниесі болып шығып, ақшасы иесіне қайтарылған. Жалпы, сапасыз тауарды сатып алып, соңынан сан соғып қалмас үшін, сатушыдан міндетті түрде чек талап етуге кеңес беріледі. Осы сиқырлы чектің арқасында осыдан екі жыл бұрын Астана қаласы бойынша 1 млн. теңгеге жуық қаржы өз иелеріне қайтарылған. Өкінішке қарай, арзан ақшаның соңына түскен алаяқтар заманында бұл тек теңіздің тамшысындай ғана.

Азық-түлік, тұрмыстық техника, дәрі-дәрмек, тағы басқа сапасыз тауарлар легі бірнеше шағымдар кітапшасын толтырып үлгерген. Соның бірін атайтын болсақ – стоматологиялық қызметке қатысты шағым. Сау әйелдің стоматологияда дүние салуы тек бір отбасының емес, тегіс бір мемлекеттің қайғысына айналды. Әсте, осы қаралы оқиғадан кейін сыннан қорытынды шығарған ақ халаттылардың арқасында тұрғындардың күлкісі жарқын болды деп айту әлі де болса қиынға соғып тұр. Оған мына мысал дәлел. Тіс ауруына шағымданған азаматша елордалық тіс емханаларының біріне жүгінеді. Оның ауыр халін аңғарған ақ халатты абзал жан бір тіс үшін қызмет құнын 15 000 теңге деп, бағаны көкке ата салады. Емделуші қалтасында бар болғаны 12 000 теңгесін көрсеткенде, базардағы саудагердің кейпін танытқан стоматолог сөзге келмей, келісе кетеді. Өткен жылғы қайғылы оқиғаны есіне алған тіс жұлдырушы азаматшаның: «Кешіріңіз, тісіме не егіп жатқаныңызды білуге бола ма?», – деген сұрағына дәрігер: «Жұмысың қанша, тісің жазылса болды емес пе!», – деп зілмен жауап қайтарған. Стоматолог қызметінің шикілігін сезген азаматшаның ертеңгі күні беті адам танымастай қисайып кетеді. Оқиға соңында пациенттің: «Тұтынушылар құқығын қорғау орталығына шағымданамын!», – деген ескертпесінен кейін медициналық мекеме алған ақшасын қайтаруға асыққан. Алайда денсаулық дегенде ақшаның қашанда құнсыз екені айтпаса да белгілі. «Сервис» деген атаққа сай келмейтін бүгінгі қызмет сапасының сын көтермейтіндігі жасырын емес [4, 69 б.].

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында көптеген оң қадамдар жасалғандығына қарамастан, бұл мәселенің әлі де болса толық шешімі табылмай отыр. Бұл мәселелерді шешу бүгінгі күннің міндеті. Ал менің бұл мәселеге қатысты төмендегідей ұсыныстар бар:

1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында басты рөл атқаратын «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңына қазіргі өмір талабына сай және тұтынушылар шағымдарын ескере отырып өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек.
2. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша мемлекеттік дәрежеде де, халықаралық дәрежеде де ақпарат жүйесін қалыптастыру керек. Өйткені біздің тұтынушыларымыз құқықтық жағынан әлі де болса сауатсыз. «Сіздің құқықтарыңыз бұзылса тұтынушы ретінде өз құқықтырыңызды еркін қорғаңыз. Өз кезегінде тұтынушылық құқықтарыңыз бен мүдделеріңізді қорғауға және кеңеске барлық құқық қорғау органдарға, ұйымдарға баруыңызға болады». Міне осындай жарнамалар тұтынушылар көп жүретін жерлерде болуы қажет.



3. Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін қайта жаңғырту қажет. Мемлекеттік деңгейде тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарының қызметін жандандыру қажет.
4. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау ұйымдарын құру және оларға мемлекет тарабынан қолдау көрсету керек. Бұл ұйымдардың қызметінің мақсаты – тұтынушылардың құқықтарын қорғау болып табылады, сондықтан олар осы салаға қатысты нормативтік актілердің қағаз жүзінде қалмай нақты орындалуына зор ықпалын тигізеді.
5. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту керек. Өйткені бұл Қазақстандағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау қозғалысының жаңа дәрежеге көтерілуіне және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында жасалатын шаралардың сапасының артуына зор ықпалын тигізеді.

Біздің мақсат басқаларды даттап, жақсы атану емес, сапасыздықтың салдары қайғылы оқиғамен аяқталмасын деген тілеу ғана. Бүгінде сан түрлі себептермен келіп түсетін шағымдар көп. Өкінішке қарай, бәріне бірдей көмектесу мүмкін емес. Оның үстіне шағын және орта бизнеске жарияланған мараторий біреуге пайда әкелгенімен, құқық қорғаушылардың қол-аяғын бірдей байлап отыр десе де болады. Соның салдарынан алаяқ кәсіпкерлер ар-ұяттарын ақшаға айырбастап, кесірін жазықсыз тұтынушыларға тигізуде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз (10.03.2017 жылы берілген [өзгерістер мен толықтыруларымен](#))
2. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы. (02.04.2019 жылы [№ 241-VI](#) берілген [өзгерістер мен толықтырулар](#))
3. «Заң тұтынушыны қорғай ма, әлде...» [Менеджмент Качества](#) №4 (34) 2010.
4. Мороз С. П. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық: оқулық. Алматы: Бастау, 2009.

ӘОЖ 342.5

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Амантай Абдолла

з.ғ. магистрі, аға оқытушы
Қазтұтынуодағы Қарағанды
Экономикалық Университеті
Қарағанды, Қазақстан

Масайынов Ерсайын Ержанұлы

з.ғ. магистрі, оқытушы
Қазтұтынуодағы Қарағанды
Экономикалық Университеті
Қарағанды, Қазақстан

Түйіндеме. Мақалада мемлекет қызметін дамыту мәселелері және оны тиімді жүзеге асыруды шешу жолдары, қарастырылады. Зерттеу жүргізу барысында



салыстырмалы-құқықтық әдістер қолданылған. Қазақстанның мемлекеттік қызметінің жаңа моделіне байланысты мемлекеттік қызметті жетілдірудің жаңа басымдықтары анықталды. Осы бағыттағы заңдар мен қағидаларды мемлекеттік қызмет жүйесіне икемдеу. Мемлекеттік қызметке кадрларды орналастырудың оңтайлы жолдарын ұсындық.

Түйін сөздер: нарықтық экономика, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік орган, заң.

Abstract. The article studies the problems of government service and the way of its effective implementation. In a course research comparative and legal methods are applied. With the new model of civil service have been identified new priorities to improve public services. Set up a system of laws and regulations of the state in this direction. We have proposed the best way placement of personnel in the public service.

Keywords: market economy, government service, public authorities, law.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, адамдар өз елінің мемлекеттік қызметіндегі шенеуніктеріне қанағаттанатын ел табу қиын, бірақ әр ел өз проблемаларын өз дамуының нақты бір кезеңіне сай шешеді. Барлық демократиялық елдерде қоғам мемлекеттік қызметте пайда болып жатқан процестерді өз заң берушілері, мемлекеттің жоғары қызметтік тұлғасы арқылы мемлекеттік аппарат тұрғындарға сапалы қызмет көрсету мен басқа да функцияларын аз шығынмен орындау мақсатымен тәртіпке салады. Мұндай қызығушылық мемлекеттік аппараттың тек азаматтардың проблемаларын шешуге емес сонымен қатар мемлекеттік қызмет орындары салық төлеушілердің ақшасына пайда болып жатқаныменде байланысты. Біздің мемлекеттік қызметтің реформалануының негізгі бағыттары Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтің 2015 жыл 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында жастарға қатысты былай делінген: «Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланындар. Жұмыс пен сұраныс бар өңірге батыл барындар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда» [1]

Мемлекеттік қызметтің жоғары кәсібилігі басты орында. Қайта реформалаудың ағымдағы этаптың ерекшеліктерінің бірі — бұл мемлекеттік қызмет пен қызметкерлердің сапалық деңгейін көтерудегі негізгі құрал.

Мемлекеттік қызметтің қарқындылығын жоғарылату туралы айтқанда «мемлекеттік қызмет туралы» заңдылықтың шегінен шығып кететін шаралар туралы айтып кету міндет. Бәрінен бұрын «Әкімшілік рәсім туралы» заңды қабылдау керек. Бұл заң мемлекеттік органдардың шешім қабылдау рәсімдерінің дұрыс болуын, олардың азаматтарға тиімді болуын, шенеуніктердің берілген рәсімдерді сақтауы туралы міндеттеме жасауды қамту керек. Рәсімдерді жасап оларды қатаң сақтау сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетіп, заңның сақталуына демократия принципі ретінде үлес қосады.

Қазақстандық модель біздің ерекшеліктеріміз бен дәстүрлерімізді ескере отырып қарьералық және позициялық жүйелерді қамтып отыр.

Мемлекет қызметін ұйымдастырудың басты, негізгі талаптары Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабында «Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және [заңмен](#) белгіленеді» [2], - делінген болса, ал, былтыр 2015 жылдың 23 қарашасында ғана қайтадан жаңарып, қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» [3] заңында толық түрде қарастырылған. Бұл Заң мемлекеттік қызметтің негізін,



мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық жағдайларын және мемлекеттік қызмет аясындағы қарым – қатынастардың реттелуін анықтайды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі дегеніміз – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарда мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі қызметі [3].

Мемлекетті қызмет органдарында басқару кадрларын жинаудың, басқару функциялары мен өкілеттіктердің лауазымды тұлғалар арасында бөлінудің арнайы тәсілдері, мемлекет және еңбек процесін басқару, басқару органдарының жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасақталған. Бұл тұрғыдан мемлекеттік қызмет еңбек құқығының жалпы нормаларына негізделеді.

Мемлекеттік қызмет белгілі бір іс - әрекеттің түріне қатысты, яғни кәсіп, мамандық, біліктілік, лауазымға қатысты жұмыстың орындалуы. Кәсіп – еңбек қызметінің кең саласы. Мұнда мемлекет қызметкері өз мамандығына сәйкес бар білімін, талабын толығымен қолдана алады. Мамандық көрсетілген кәсіптің аясындағы еңбек қызметінің тар саласы. Мұнда мемлекет қызметкері жұмысты тиімді атқару үшін өзінің бұл сала бойынша алған терең, жан – жақты білімін қолдана алады. Ал біліктілік болса, белгілі бір қызметкердің қандай да дәрежедегі ауыр қызметті атқара алатынын анықтайды.

Мемлекеттік қызметтің тағы бір белгісі – мемлекеттік қызметкердің басқару органы қызметіне тікелей қатысуы. Бұл дегеніміз – азаматты басқару органының құрамына, яғни штатқа және мемлекеттік органның басқару қызметіне енгізілуін айтамыз.

Мемлекеттік қызмет қазіргі заманғы мемлекеттердің басты институттарының бірі болып табылады. Институт түсінігі бұрыннан заң ғылымында да, саясаттану ғылымында да қолданылып келеді. Заңгерлер институт түсінігін қандай да бір біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін, дербес топтар ретінде бір-бірімен байланысқан, белгілі бір кеңістікте бар барлық кезеңдерді реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы деп сипаттайды [4, 120б.]. Саяси ғылымның өкілдері саяси институттарды зерттей келе, оны тек қана басқару құралы ретінде емес, сонымен бірге басқарушылар мен басқарылатындар, қоғамның «жоғарыдағылар» мен «төмендегілер» арасындағы қарым-қатынастарын реттеуші, қоғамда жазылған және жазылмаған нормаларда, әрекет, образдарында, құндылықтық жүйелерінде нығайтылған кезде тиімді болатын механизм ретінде қарастырады [5, 5б.]. Бұл ретте, осы мемлекеттік қызмет аппаратының тиімділігі маңызды мәселе. Белгілі ғалым М. Мұрзалин мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыратын негізгі принциптерді төмендегідей етіп анықтаған:

- ең маңызды қызметтерді атқаруға шоғырланған кәсіби және ықшам үкіметті құрудың қажеттілігі;
- стратегиялар негізінде бағдарламалық іс-әрекеттер бойынша билік органдарының жұмысын құрудың қажеттігі;
- ведомствоаралық үйлестірудің жайғастырылған жүйесін құрудың қажеттігі;
- министрлердің құзыреттері мен жауапкерлігін арттыру, есептілік және олардың қызметін стратегиялық бақылау;
- жемқорлыққа қарсы тиімді жүйені құру;
- кадрларды жалдау, даярлау және карьера бойынша әрі қарай көтеру жүйесін жетілдіру болып табылады [6, 108б.].

Мемлекеттік қызмет саласындағы белгілі ресейлік маман Чиркин В.Е. «мемлекеттік басқару институты» түсінігіне жан-жақты түсініктеме беріп, оның келесі тұжырымдамасын ұсынады:

Біріншіден, мемлекеттік институт – бұл құқықтық институтқа қатысты сипатталатын нормалар жүйесі емес, бұл құбылыс. В. Чиркиннің пайымдауынша мемлекеттік қызмет институтын қарастырғанда, біз конституцияның баптары, мемлекеттік қызметті реттейтын



құқықтық нормалар туралы емес, мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарын реттейтін мемлекеттік қызмет институты туралы, оның басқарудығы рөлі туралы айтамыз. Мемлекеттік институттарды зерттеуде құқықтық нормаларға талдау жасағанмен, «de jure» құбылысына емес, «de facto» – ға көңіл бөлеміз.

Екіншіден, қандай да болмасын институттың рөлі мен орны белгілі бір жүйеде, оның элементтерінің ескерілуімен анықталады. Алайда В. Чиркиннің пайымдауынша, мемлекеттік институт мемлекеттік құрылымның өзіндік «автономиясы» бар ерекше бөлігі.

Үшіншіден, мемлекеттің институты белгілі бір байланыстар мен қарым-қатынастарды, сонымен бірге институттың негізі болатын «материалды субстратты» ұйымдастырушы қандай да бір әдіс болып табылады. Мемлекеттік қызметтің осы қасиеттері, бір жағынан, мемлекеттік органдардың жиынтығын сипаттаса, екінші жағынан, басқару аппаратымен, шенеуніктік кадрлармен идентификацияланады.

Төртіншіден, қандай да болмасын институттың функционалды бағдары болады. Осындай институттар қоғамды мемлекеттік басқару бойынша міндеттерді атқару үшін құрылады [7, 97б.]. Сонымен қатар мемлекеттік қызмет институтының құрылу барысын Қазақстан мемлекеттілігінің құрылуынан бастап қазіргі кезеңіне дейінгі жан-жақты саяси-ғылыми талдауынсыз, саяси жаңғырудың контексіндегі мемлекеттік қызметтің рөліне талдау жасау мүмкін емес. Мемлекеттік қызметтің құрылу барысының ерекшеліктері Қазақстан мемлекетінің осы механизмді толықтырып тұратын басқару механизмі және басқару персоналдарын бірге қамтитын даму кезеңдерімен тікелей байланысты Мемлекеттік қызмет заңнамасының тек Қазақстанға тән сипаттары, тиесілі жақтары да бар.

Біздің ойымызша қоғамды демократиялау жағдайында мемлекеттік қызмет осы бағытта дамуы керек. Демек, мемлекеттік қызмет - бір жағынан мемлекеттік билікті қолдану және мемлекет міндеттері мен мақсаттарын қалыптастыру және жүзеге асыру тәртібін анықтайтын құқықтық, ұйымдастырушылық және процессуалдық институттар (пішін, әдіс, қағидалар ж.т.б.) жүйесін, екіншіден - бұл арнайы дайындалған және мемлекеттік аппаратта кәсіби еңбек ететін адамдар жиынтығы. Осыған орай, оны құқықтық-көпшілік институт деп сипаттауға болады, өйткені, ол мемлекетке сол үшін жалақы төленетін, арнайы мәртебесі бар және басқару функцияларын кәсіби орындайтын өкілетті аппарат (мемлекеттік қызметші) тікелей жүзеге асыратын басқару арқылы қол жетілетін көпшілік билікті ерекше ұйымға тура қатысты.

Кейбір ғалымдар, мысалы, В.С. Комаровский, мемлекеттік қызметті кеңінен қарастырады, оның айтуынша мемлекеттік қызмет тек құқықтық-көпшілік институт емес, ол саяси-құқықтық институт [8, 10б.]. Мұндай көзқарасқа сәйкес, мемлекеттік қызмет - құқықтық-көпшілік сала емес, әлеуметтік-құқықтық қызмет саласы. Демек, мемлекеттік қызметке орналасатын тұлға мемлекеттік лауазымға кірісе отырып, қоғам үшін маңызды істерді шешуге құқылы және ол үшін жауапты екенін түсінуі керек.

Барлық жоғарыда келтірілген көзқарастарды шоғырландыра отырып, жасалатын болжау – мемлекеттік қызмет әлеуметтік-саяси кеңістікке тәртіп және ұтымдылық енгізу үшін қажет, сондықтан басқарушылықпен тығыз байланысты. Демек, мемлекеттік қызметтің институттық негізінде саяси лауазымдық тұлғалардың мемлекеттік органдар өкілеттерінің атқарылуын қамтамасыз ету, бағыну қағидаларындағы қызметтік міндеттердің орындалуы, заңмен қатал орнатылған қызметті жүзеге асыру.

Мемлекеттік қызмет барлық басқару үдерістерінің қажетті элементтерін құрайды. Мемлекеттік қызмет функциясының сипаты мен есебін анықтаудағы қиындық осыған байланысты: біреулер оларды мемлекеттік басқару функцияларымен теңдестіруге талпынса, басқалар мемлекеттік қызметті мемлекеттік басқарудан қашықтатып, формалды, тәуелсіз құрылым ретінде көрсетеді.



Сонымен, 2015 жылғы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңына сәйкес мемлекеттік қызметтің «қазақстандық үлгісінің» ерекшеліктері қамтылған.

Сонымен, Қазақстанда көптеген жылдар барасында дамудың негізінде мемлекеттік қызметтің аралас үлгісі қабылған деп тұжырымдаймыз. Э.Э. Дүйсенов іске асыру барысында мемлекеттік қызметтің трансформациясының бірнеше кезеңдерін қарастырады. Қазақстандағы мемлекеттік қызметті реформалау процесін шартты түрде келесі кезеңдерге бөліп қарастырған: бастапқы кезең; дайындық кезеңі; негізгі кезең; қорытынды кезең. Реформаның бастапқы кезеңі -1991-1995 жылдарды қамтиды. Автордың пайымдауынша бұл уақыт аралығында мемлекеттік қызмет саласында ешқандай айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Мемлекеттік қызметті құқықтық реттеу фрагментарлы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер арқылы жүзеге асырылды [9, 115б.].

Мемлекеттік қызметшілер жұмысында, әсіресе басшыларда, КСРО әкімшілік-командалық жүйесінен қалған өктемшіл басқару әдісі орын алған. Дайындық кезеңі 1995 жылы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы (күші жойылған) шыққаннан басталады. Бұл нормативтік-құқықтық актіде алғаш рет егеменді Қазақстанның мемлекеттік құрылысында жүргізілген өзгерістер, ел Конституциясында бекітілген демократиялық жетістіктер көрсетілді. Бұл құжат Қазақстанның мазмұны бойынша жаңа мемлекеттік қызметінің қалыптасуында уақытша нормативтік актісі болды. Бұл заң билік органдары жұмыстарының тиімділігін, мемлекеттік басқарудың біліктілігін көтеру және тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарды.

Біріншіден - мемлекеттік қызметшілердің басқарушылық біліктілігін белсенді түрде көтеру; Екіншіден — жұмыс орындарында құқықтық оқытуды ұйымдастыру арқылы олардың құқықтық мәдениетін үнемі жетілдіріп отыру.

Түйіндей айтсақ, мемлекеттік қызмет саласындағы реформаның ендігі үлгісі тиімді қағидасын дамыту, мемлекеттік қызметті осы жүйеге икемдеу болып табылады. «Ең алдымен мемлекеттік қызметте еңбегін бағалап, білімі мен білігіне қарап өсіру жүйесі, яғни тиімді жүйесі жастарға дұрыс бағыт-бағдар беруі тиіс. Осы жүйені дұрыс жолға қойсақ, кадрларды іріктеу саласында тамыр-таныстықты жойсақ, білім-білігіне қарап іріктейтін басымдық қалыптасса, онда жастардың өзі мемлекеттік қызметке кіріскенде, одан әрі жоғарылағанда өз білімі мен еңбегіне сүйенетін болады. Сосын ең төменгі лауазымға қойылатын талаптар ішінде еңбек өтіліне талаптар жұмсартылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтің «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауы 2015 жыл 30 қараша
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. (1998 жылы 8 қазандағы, 2007.21.05. және 2011.02.02 берілген [өзгерістер мен толықтыруларымен](#))
3. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ (өзгерістер мен толықтырулар 06.04.2016 [№ 484-V](#))
4. Алексеев С.С. Структура советского права. – М.: Право, 1995. –120 с.
5. Дилигенский Г.Г. Политическая институционализация в России: социально — культурные и психологические аспекты // Мировая экономика и международные отношения. - 1997. - № 7. - с. 5 – 12
6. Муразалин М. К. Особенности реформирования государственной службы: зарубежный опыт и Казахстан: дис. канд.полит.наук. – Алматы, 2010. – 108 с.



7. Чиркин В.Е. Основы строительства государственного управления. – М.:Прогресс, 2007. – с. 97-99
8. Комаровский В.С. Реформирование государственной службы России: выбор пути и методов. М.: РАГС. – 1997. – с. 2
9. Дуйсенов Э.Э. Государственная служба Республики Казахстан: учебное пособие / - Алматы: Ұлағат, 2012. – 214 с.

ӘОЖ 347.67

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӨСИЕТ БОЙЫНША МҰРАГЕРЛІКТІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жақаева Гульжан Кайратовна

М.Қозыбаев атындағы СҚУ «Құқық пәндері» кафедрасының аға оқытушысы

Оспанова Анар Маратовна

М.Қозыбаев атындағы СҚУ «Құқық пәндері» кафедрасының аға оқытушысы
Петропавл, Қазақстан

***Аңдатпа:** Нақты мақалада өсиет бойынша мұрагерліктің азаматтық-құқықтық негіздері анықталған. Мәміленің бір түрі болып табылатын өсиетке құқықтық сипаттама берілген, өсиет түрлері мен оған куәлік ету тәртібі, сонымен қатар өсиет бойынша мұрагерлер қарастырылған.*

***Түйін сөздер:** өсиет, өсиет бойынша мұрагер, нотариус, мұра қалдырушы, өсиет еріктілігі, өсиет жарамсыздығы, мұраны бөлу, мүлік туралы өкім, мұраға құқық туралы куәлік.*

Өсиет-нотариус жасаған ең маңызды нотариаттық іс-әрекеттердің бірі және адам өміріндегі өте маңызды құжат. Азаматтық-құқықтық ғылымда өсиет бойынша мұрагерлік ұғымы мұра қалдырушының еркіне сәйкес белгіленген шарттар мен тәртіп бойынша мұрагерлік ретінде беріледі. Мұра қалдырушы жасаған кезде, оның тірі кезінде өсиет мұра қалдырушының қайтыс болу фактісімен бірге өсиет бойынша мұрагерлік деп аталатын мұрагерлік құқықтық қатынастарды тудыратын күрделі заңды құрамды құрайды.

ҚР АҚ 1046-бабының 2-тармағына сәйкес әрбір азамат заң бойынша мұрагерлер шеңберіне кіретін де, кірмейтін де бір немесе бірнеше азаматқа, сондай-ақ заңды тұлғаларға немесе мемлекетке өсиет бойынша өзінің барлық мүлкін немесе оның бір бөлігін (әдеттегі үй жағдайындағы және күнделікті тұрмыстағы заттарды қоспағанда) қалдыра алады. Азаматтық кодекстің 1046-бабының 4-тармағына сәйкес мұра қалдырушы өсиетте бір, бірнеше немесе одан да көп мұрагерлік құқығынан айыруға құқылы

Қолданыстағы заңнамада өсиет ұғымының анықтамасы бар. Осылайша, ҚР АҚ 1046-бабының 1-тармағына сәйкес қайтыс болған жағдайда азаматтың өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөніндегі еркі өсиет деп танылады.

Демек, өсиет-бұл жеке сипаттағы біржақты мәміле. Егер өсиетте екі немесе одан да көп адамның ерік білдіруі болса, онда ол жарамсыз деп танылуы мүмкін. Сіз тек өз мүлкіңізді мұра ете алатындығыңызды есте ұстауыңыз керек. Алайда, бұл өсиетті куәландырған кезде нотариус өсиет қалдырушының сол немесе басқа затқа меншік құқығын растайтын құжаттарды талап етуге құқылы дегенді білдірмейді. Осы бөліктегі өсиеттің жарамдылығы мұра ашылған кезде ғана анықталады. Бұл сондай-ақ «Нотариат туралы» ҚР Заңының 56-бабының 2-тармағында айқындалған: өсиеттерді куәландырған



кезде өсиет қалдырушыдан өсиетке қалдырылатын мүлікке құқығын растайтын дәлелдемелерді ұсыну талап етілмейді.

ҚР АҚ 1046-бабының 5-тармағына сәйкес мұра қалдырушы кез келген мүлік туралы өкімі бар өсиет жасауға құқылы.

Сіз өсиет қалдырушыға тиесілі (тек ішінара болса да), бірақ басқа адамға «есептелген» мүлікке өсиет қалдыра аласыз. Мысалы, сол үй. Үйдің иесі әйелін тіркеді, бірақ үй неке кезінде жалпы қаражатқа сатып алынды. Сонымен, күйеуі үйдің 1/2 бөлігін алуға құқылы. Осылайша, күйеуі бұл үйге қатысты «құжаттарға сәйкес ешкім» болмаса да, ол өз үлесін мұра ете алады.

Өсиеттік өкім жасау үшін басқа адамның қарсы ерік білдіруі талап етілмейді. Сонымен, өсиет-бұл мұра қалдырушы қайтыс болғаннан кейін заңды салдары болатын келісім.

Сот және нотариаттық тәжірибеде кейде өсиет қалдырушы белгілі бір мүліктің мұрагері ретінде осы адамды көрсетіп, мүлікті болашақ мұрагерге беретін жағдайлар болады, ал ол өз кезегінде мұрагерге өмір бойы қызмет көрсетуге міндеттенеді.

Бұл жағдайда мәні бойынша өмір бойы асырауда ұстау шартына дейін азайтылған екі жақты мәміле орын алады. Мұндай мәміленің заңды тағдыры туралы мәселені шеше отырып, ҚР АҚ 160-бабының 2-тармағының ережелерін, яғни бүркеме мәмілелер туралы қағидаларды басшылыққа алу қажет болып көрінеді. Басқаша айтқанда, егер бұл мәміледе заңсыз нәрсе болмаса, онда тараптар шынымен есте сақтаған мәміленің ережелерін қолдану керек. Өсиет, әдетте, шұғыл мәмілелер деп аталады, өйткені өсиет жасалған өсиет қалдырушының қайтыс болуы сөзсіз, ерте ме, кеш пе болуы керек. Сонымен бірге, өсиет қалдырушы кез келген уақытта бұрын жасалған өсиеттің күшін жоя немесе өзгерте алады. Сондықтан, біржақты мәміле ретінде өсиет Конгрестің белгілі элементіне тән. Өсиет қалдырушы қайтыс болғанға дейін өсиет жасау актісі қайтарылмайтын және қайтарылмайтын болып табылмайды.

Заң өсиет бойынша мұрагерлердің субъективті құрамын анықтайды. Олар мұра ашылған кезде тірі, сондай-ақ мұра қалдырушының тірі кезінде туылған және мұра ашылғаннан кейін тірі туылған азаматтар болуы мүмкін. Мұра ашылғанға дейін құрылған және мұра ашылған уақыт бойынша жұмыс істейтін заңды тұлғалар, сондай-ақ Мемлекет өсиет бойынша мұрагерлер бола алады.

Жақын арада мұрагерлік құқықтың рөлі едәуір артады, өйткені көптеген азаматтар қымбат меншікке ие болды, бұл, ең алдымен, пәтерлер, тұрғын үйлер, жер учаскелері, түрлі бағалы қағаздар және т.б. азаматтар қайтыс болған жағдайда өз мүлкінің тағдырына немқұрайлы қарамауы мүмкін емес және болмауы керек, және өсиет маңызды рөл атқарады.

Сонымен, сіз өзіңіздің мүлкіңізді ғана мұра ете аласыз, өсиет бір адамның атынан жасалуы керек, тек Оның еркін білдіруі керек және кез-келген «қарсы шарттармен» байланысты болмауы керек. Өсиет өсиет қалдырушы қайтыс болғаннан кейін, егер ол заңда белгіленген нысанда жасалса, заңды салдарға әкеледі.

Тек қабілетті азаматтар, яғни 18 жасқа толған сәттен бастап немесе некеге тұрған сәттен бастап, егер ол Кәмелетке толғанға дейін болса, өсиет етуге құқылы. Мұрагерлердің субъективті құрамына мұра ашылған кезде тірі қалған, сондай-ақ мұра қалдырушының тірі кезінде туылған және мұра ашылғаннан кейін тірі туылған азаматтар, заңды тұлғалар мен мемлекет кіреді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде өсиет мұра қалдырушының қайтыс болғаннан кейін оның құқықтары мен міндеттеріндегі мұрагерлік тәртібін белгілейтін жеке формальды сипаттағы біржақты мәміле ретінде анықталуы мүмкін сияқты.

Осылайша, өсиеттің мазмұны заңға қайшы келмеуі керек, мүлікті көрсете отырып мұрагерлерді тағайындаудан тұруы мүмкін. Өсиеттің бостандығы мұрадағы міндетті



үлеске құқығы бар және міндетті мұрагерлер деп аталатын кәмелетке толмаған және еңбекке қабілетсіз балалардың, еңбекке қабілетсіз жұбайының, ата-аналарының (асырап алушылардың) пайдасына шектеледі. Бұдан басқа, өсиет қалдырушы, егер өзі тағайындаған Мұрагер оны қабылдамаса немесе мұра ашылғанға дейін қайтыс болса, яғни қосымша тағайындау жүзеге асырылса, өсиетте басқа мұрагерді көрсетуге құқылы.

Өсиет қалдырушы мұрагердің мінез-құлқының сипатына қатысты, Конституциямен кепілдік берілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге әкеп соғатындардан басқа, мұраны алуға белгілі бір шарттар қоюға құқылы.

Заңнаманы жетілдіру туралы айта отырып, қазіргі уақытта мұрагерлік институты медицина және биотехнология саласындағы жаңа әзірлемелер енгізген барлық жаңалықтарды ескере алмайтындығын атап өткен жөн, мысалы, заттың мәртебесін беру орынды, сондықтан жеке меншік құқығына ие болу мүмкіндігін қарастыру керек. денеге, өлі денеге, адам денесінің бөліктеріне, адам ағзалары мен тіндеріне олар бөлінгеннен кейін, заңнамада тиісті нормаларды, демек, тұқым қуалайтын құқықтағы нормаларды нақты белгілеу арқылы., мұндай заттар жеке анықталған заттар болғандықтан, олар тек ұқсас құрылымға ие.

Айта кету керек, Қазақстан заңнамасы өсиеттің міндетті нотариаттық нысанын қарастырады. Азаматтар тұрғылықты жеріне қарамастан кез-келген жеке нотариусқа өсиетті куәландыру туралы өтінішпен жүгіне алады.

Мұның бәрі нотариустарда да (өсиеттерді дайындау, мұраны қорғау және т.б.) және соттарда да (мұраны бөлу, мұрагерлік мүліктегі міндетті үлеске құқық және, әрине, өсиеттің жарамсыздығы туралы даулар) мұраға байланысты істер санының едәуір артуына әкеледі. Мұрагерлік сот тәжірибесін талдау мұраны заңсыз алуға бағытталған көптеген алаяқтық әлі де заңның осы бабына байланысты екенін көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі заңнама уақыт өте келе дамуы керек деген тезисті тағы бір рет растайды.

